

*Г.П. Шахарман *¹*

*¹ф.э.к., қауымдастырылған профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қаласы, Қазақстан
E-mail: shaharman-gp@mail.ru*

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛТАРАЛЫҚ ТІЛІНІҢ ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Кез келген елдің қуатты дамуының негізгі тетігінің бірі – мемлекеттік тіл болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстанда 130-дан аса этностық топ өкілдері бірігіп, өркениетті даму жолына түсіп отыр. Қазақ халқымен бірге этностық топ өкілдері де Қазақстанның жалпыұлттық азаматтық қоғамын біріктіуші фактор ретіндегі мемлекеттік тілі- қазақ тілінің дамуына ерекше мүдделі. Сонымен қатар, олардың әрқайсысының тілі мен өнерін, мәдениетін дамытуға да ерекше қолдау жасалаған.

Осы мақалада жалпы қазақстандық жастарды тәрбиелеу барысындағы ұлттық құндылықтар мен азаматтық құндылықтардағы ерекшеліктері жан-жақты талданады. Мемлекет құраушы ұлт өкілдері- қазақ жастарымен бірге, Қазақстанның болашағы үшін кез келген ішкі, сыртқы кедергілерге төтеп беретін, кездескен тығырықтан шыға алатындай, қазақ елін мекендейтін этностық топ өкілдерінің жастары да бір кісідей жұмыла әрекет ету қажеттігінің себептері мен маңызы талданған.

Кілт сөздер: жалпыадамзаттық құндылық, ұлттық құндылық, мемлекеттік тіл, ұрпақ, болашақ, бірлік, өркениет, толеранттылық, қоғам, даму.

*G.P. Shakharman *¹*

*¹Candidate of Philological Sciences, Assoc.Professor, KazNPU named after Abai,Almaty
E-mail: shaharman-gp@mail.ru*

THE IMPORTANCE OF THE INTERETHNIC LANGUAGE OF THE GREAT STEPPE IN THE LIFE OF YOUNG PEOPLE

Abstract

One of the main mechanisms of strong development of any country is the state language. Today, representatives of more than 130 ethnic groups are united in Kazakhstan and are entering the path of civilized development. Along with the Kazakh people, representatives of ethnic groups are particularly interested in the development of the state language - the Kazakh language, which is a factor that unites the National Civil Society of Kazakhstan. In addition, special support was provided for the development of the language, art and culture of each of them.

In this article, the peculiarities of national values and civic values in the process of educating Kazakhstan's youth in general are analyzed in detail. The reasons and significance of the need to work together with the representatives of the state - forming nation-the Kazakh youth, as well as the representatives of ethnic groups living in the country, so that they can overcome any internal and external obstacles for the future of Kazakhstan.

Keywords: universal value, national value, State Language, Generation, future, unity, civilization, tolerance, Society, Development.

*Шахарман Г.П. *¹*

*¹к.ф.н., ассоциированный профессор, КазНПУ имени Абая, г. Алматы
E-mail: shaharman-gp@mail.ru*

ЗНАЧЕНИЕ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО ЯЗЫКА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В ЖИЗНИ МОЛОДЕЖИ

Аннотация

Одним из основных механизмов мощного развития любой страны является государственный язык. На сегодняшний день в Казахстане более 130 этнических групп объединились и встают на путь цивилизованного развития. Вместе с казахским народом представители этнических групп особенно заинтересованы в развитии государственного языка - казахского языка как фактора консолидации общенационального гражданского общества Казахстана. Кроме того, у каждого из них была особая поддержка в развитии языка, искусства, культуры. В статье «Осы» Жалпы проанализировал особенности национальных ценностей и гражданских ценностей в культуре казахских жастардов. Причины и значение необходимости действовать вместе с представителями национальностей, образующих государство, - казахской молодежью, противостоять любым внутренним и внешним препятствиям, преодолевать тупик, и молодежью этносов, проживающих в казахской стране, - анализируются.

Ключевые слова: жалпыдамзаттық, национальная ценность, национальный язык, поколение, дети, единство, цивилизация, толерантность, общество, женщина.

Кіріспе. Қазақ елі қашаннан тәуелсіздікті аңсап, сол жолда тынбай күресуі нәтижесінде ешкімнің ықпалына көнбейтін қуатты мемлекет болып әлем сахнасынан көріне бастады. Дегенмен, бізге бұл оңай жолмен келе қойған жоқ. Тамырын тереңге жайған тарихымызға көз жіберсек, еліміздің ел болып қалыптасуына 30 жыл ғана емес, ғасырлар кеткеніне көз жеткіземіз.

Бүгінгі жаһандану жағдайында Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығы этносаралық келісімсіз мүмкін емес. Жылдар бойы Қазақстандағы барлық ұлт өкілдерінің арасында өзара қарым-қатынастың ерекше үлгісі салтанат құрып келеді. Әлем кеңістігінде этносаралық келісімнің қазақстандық моделі кеңінен талқылану үстінде. Оның негізінде тағдыр сынағынан өтіп, өз еріктерінен тыс біздің отаны-мыздың жерінде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдеріне деген қазақ халқының төзімділігі мен толеранттылығы жатыр. Осындай сарқылмас төзімділіктің арқасында Қазақстан төл шаңырағының астына 130-дан аса этностық топ өкілдерін біріктіріп, өркениетті даму жолына түскені айқын. Бүгінгі жеткен деңгейіне өркениетті елдермен салыстырғанда, әрине, аз ғана уақыттың ішінде қол жеткізді. Дегенмен, көршілес елдерге қарағанда көш ілгеріміз деп айтуға болады. Әсіресе, саяси, әлеуметтік, экономикалық салаларда қол жеткізген жетістіктері аз емес. Бірақ елдің толыққанды дамуы оның тек экономикалық қырымен айқындалмайтыны белгілі. Жалпы қоғамның дамуы оның басқа салаларымен тығыз байланысты екені белгілі, онсыз даму да мүмкін емес. Бірақ тұтас қабылдау барысында оның өзегі болып табылатын негізінің ұлттық ерекшеліктен бастау алынын ұмытпаған абзал.

Адам баласы өзінің жеке тұлғалық дамуы барысында тек қана экономикалық тұрғыдан материалдық баюын ойлап, рухани өсуін назардан тыс қалдырса, оның толыққанды адам дәрежесіне көтерілуі мүмкін емес. Қазіргі нарықтық кезеңде сананы тек материалдық табыс жаулағандықтан, адамдардың көпшілігі өздерінің рухани деңгейінің өсуіне салғырт қарайтын болды. Бұдан адамгершіліктің негізгі қасиеттерінің төмендейтініне мән бермейтін жағдайға жеткендей. Осыдан келіп жеке адамдардың басынан анық байқалып жүрген ортақ игілікті істерге үлес қосуға енжарлық, қамқорлық, қайырымдылық жасауға немқұрайлы қарайтын көзқарастар мен әрекеттердің жалпы қоғамға теріс ықпал етіп, жағымсыз көріністер туғызуы әбден мүмкін. Қоғамдық ортаның жағымсыз әсері енді қалыптасып келе жатқан жастардың тұлғалық дамуына да кері ықпалын тигізеді даусыз. Отбасына, отанына жаны ашымайтын, атажұртым, ана тілім деп елжіремейтін жас ұрпақтың көбеюі көпшіліктің көңіліне кірбің түсірері белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, тек қазақ халқының ғана емес, рухани мәдениет деңгейінің құлдырау құбылысы (деградация) – бұл бүгінде жалпы әлемде кездесетін шындыққа айналып отыр. Мұндай рухани нәубеттен жастарды құтқарып, оларды жарқын болашаққа бағыттау үшін қажет құрал-ұлттық негізді сақтау болып табылады. Ұлттық негіздің тамыры болып саналатын ұлттық діл мен тілді ұстана отырып, кез келген жағдайда тек дайынды пайдаланып қоймай, қоғамның қажетіне жарамды дүниені жасауға, өндіруге қабілетті жоғары адамгершілікті, рухани бай адамды тәрбиелеу әлдеқайда маңыздырақ екені белгілі. Қоғамдық дамудың мәні мен мақсаты толық шығармашылық, өнертапқыштық қабілетті арттыра өмір сүріп, әрбір адамның мүмкіндігін кеңейтуден тұрады. Біздің көзқарасымызша, бұл мәселе қазіргі заман адамында үздіксіз рухани-адамгершіліктік даму бағдарының төмендегенінен деп түсінуімізге болады. Жалпы ұлттың, біртұтас елдің табиғи дамуының бірден-бір көзі – рух екендігін адамзат баласының бәрі мойындайды. Қазақ халқының тарихына қарасақ, қашан болса да рухани байлығы жағынан ешкімнен кем қалған кезі жоқ, қайта рухының биіктігімен, намысының өршілдігімен ежелден ерекшеленіп келе жатқан ел болып саналады. Алайда, дәл қазіргі әлемдегі саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайлар біздің елімізде де қылаң берген өркениеттер тоғысында рухани өзегіміздің табиғи болмысына нұқсан келтірмей

дамуын үнемі басты назарда ұстау қажет. Шын мәнінде, әлемдік жаһандану үдерісінің үдей түсуі қазақ үшін нәубетке айналып, төл мәдениетіміз бен рухани болмысымызды тығырыққа тірмейтініне кім кепілдік бере алады? Осы орайда тығырықтан шығынсыз шығудың көзін табуда болашақ ұрпақ, қазіргі жеткіншектерді жалпы адамзат құндылықтарын қастерлеумен қоса, олардың ұлттық құндылықтарына - өз еліне, ұлтына, салт –дәстүріне деген патриоттық сезімін арттырып, осы бағытта тәрбиелеудің маңызы зор. Сондықтан жас ұрпақ өзінің ішкі рухани өзегін берік сақтағанда ғана жалпы қазақ елінің өркениет жолымен үздіксіз дамуына мүмкіндік туары даусыз. Жастардың ұлттық негіздегі тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда, оларға адамзат баласының қол жеткен қоғамдық-тарихи, қоғамдық-этикалық қалыптар мен ізгі адамгершілікті қосымша дамыта отырып, игеруге болатынын тәжірибеден көруге болады. Жалпыадамзаттық құндылықтар халықтық дәстүрлерде, адамгершілік принциптерде, діни мәдениетте нақты жазылып қойылған және әлеуметтік ойдың озық белгілері, жеке тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері жинақталып, әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде танылады.

Ғалым-педагогтар осы заманғы педагогиканың алдында басты екі міндет тұр деп көрсетеді. Біріншіден, педагогиканы жалпыәлемдік құндылық деңгейіне көтеруге әрекет жасау. Екіншіден, барынша жетілген адамзаттық идеалды құру. Мұның жетілген формасына ұлттық құндылық та жатаны даусыз. Осы екі міндетті біріктіріп адами мұрат жасауда еркіндік пен сүйіспеншілік сияқты құндылықтардың да тұтас қарастырылатыны белгілі.

Талқылау. Жалпы әлемдік құндылықтар – түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс. Осындай жақындықтың негізінде ол жалпыадамзаттық деп аталады. XX ғасырда Халықаралық топ алғаш рет дүниежүзілік тарихта адамның құқықтары туралы халықаралық негізге алынатын құжаттар жасады. “Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы”, “Баланың құқықтары туралы конвенция” және т.б., оларда тәрбиенің методологиясы мен теориясы, жанартылған мақсат пен мүдделер қарастырылған. Онда халықтардың мақсат-мұраттарын және рухани құндылықтарын дамытуда жаңа көзқарастарға негізделген халықаралық стандарт болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтар - адамның құқықтары мен бостандығы көрсетілген. Бірақ бұл халықаралық құжаттардың ешқайсысы ғасырлар бойы халықтың қанына сіңген ұлттық тәрбиеге қатысты құндылықтарын жоққа шығармайды. Соның негізінде әлем халықтарына ортақ жалпыадамзаттық мүдделерді жинақтап, ортақ құндылық ретінде дамытуды көздейді.

Қазақстан Республикасы аталған құжаттардың басты идеяларын білім саласында негізге алды. Бұл құптарлық жағдай, өйткені білім мекемелеріндегі тәрбие жұмысын жалпы әлемдік құндылықтарға негіздей отырып, жаңа құндылықтар жасауға талпыныс жасау қолға алынған. Оның мәні жас ұрпақты өзге ұлттың да ерекшеліктерін бағалай білуге үйрету, жалпыадамзаттық дамуға үлес қосуға, жалпы халықтың күш-жігерімен жасалған құндылықтарды толеранттылық негізде құрметтей білуге тәрбиелеу.

Педагогикалық үдерісте оқушылардың рухани байлығын арттыру үшін әр халықтың жетістігімен бірге алуан түрлі мәдениетін пайдалану да қарастырылады.

Тәрбие адамдарға тән әлеуметтік категорияға жатады. Жеке тұлғаны дамытуда шешуші рөл атқарады. Даму дегеніміз, ең алдымен адам ағзасындағы физиологиялық және психологиялық сапалық өзгерістер екені белгілі. Мағжан Жұмабаевтың: «Адам баласының кемелденіп, дұрыс тәрбиеленуі үшін, ең алдымен денсаулығының жақсы болуы шарт. Ол үшін дене тәрбиесінің дұрыс жолға қойылуының маңызы зор. Дене – жанның құралы. Құрал мықты болса, иесі де мықты» деген пікірінің осы тұста орны ерекше [1, 1б.]. Бұл өзгерістер белгілі бір әлеуметтік ортада болады. Адам биологиялық жанды зат ретінде дүниеге келеді де, ол даму үрдісінде әлеуметтік қызметтерді атқару арқылы ғана тұлға болып қалыптасады. Тәрбие әлеуметтік көзқарас тұрғысынан қарағанда қоғам бақылайтын және түзету енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып бағыттайтын, қоғамның қазіргі және болашақ өміріне қатысуға мақсаттылықпен даярлау ісі.

Еліміздің ертеңін ойлағанда ең алдымен есімізге жастардың түсетіні де заңды құбылыс. Жастар жай ғана қоғамдағы адамдар санатының белгілі тобы ғана емес, сонымен қатар, жалынды күш-қуаттың, өнімді еңбектің, тың идеялар мен ұсыныстардың бастамашылары, қоғамның қозғаушы күші. Жас ұрпақ демекші, бұл жерде мемлекет құраушы ұлт өкілдері- қазақ жастары ғана емес, Қазақстанның болашағы үшін кез келген ішкі, сыртқы кедергілерге төтеп беретін, кездескен тығырықтан шыға алатындай, қазақ елін мекендейтін этностық топ өкілдерінің жастары да бір кісідей жұмыла әрекет ету қажет. Өйткені олар бір отанда тату-тәтті тұрып жатқан соң, жарқын болашақтан да бірдей үміткер. Олардың бәрі қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтауға бірдей мүдделі болғанда ел ішінде ешқандай дау-жанжалдың болмайтыны анық. Сонда ғана түсіністік пен

толеранттылық бір қалыпты күй кешіп, азаматтық қоғамның жалпыұлттық бірегейлікке еркін бағыт алуына мүмкіндік туады.

Біз өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды қалай сақтап жүрміз дейтін болсақ, өкінішке қарай, олқы кеткен тұстарымыз көп. Кеңес кезінде көптеген ұлттық құндылығымыздың ескінің қалдығы деген сылтаумен көзі құртылмақ болды. Сөйтіп ұлттық құндылықтар жойылса, ұлттың өзі де жойылмақ болды. Егеменді ел болғаннан бері ұлтжанды азаматтар ұлттық құндылығымызды қалпына келтіруге ниеттенуде. Бірақ жаңа қоғамдағы нарықтық қатынас, әлемдік қауымдастыққа кірігу деген сылтаумен ұлттық құндылыққа көңіл бөлудің ысырылып қала беретінін де жасыра алмаймыз. Қазір жалпы ұлттық мүддеге қарағанда, өзінің жеке қара басын көбірек ойлайтындар қатары көбейіп кетті. Материалдық құндылықтар алдыға шығып тұрған заманда ұлттық құндылықтар көп ескерілмей қалып жатады. Ұлттық құндылық-тарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, игілігіне жаратып, дамыта отырып, ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі. Ал ұлтық меншіктің ұлт байлығы екені бәрімізге белгілі. Оны әр ұлттың ұрпақтары сақтап, заманына қарай дамытып отырулары керек. Егер халық өздерінің ұлттық құндылық-тарын жоғалтып алса, ол халық - ұлт деп саналмайды. Сондықтан әр ұлт өздерінің ұлттық құндылық-тарын сақтауға тырысады, әрі қорғайды. Қазақ халқы да өзінің ұлттық құндылықтарын сақтауға әрекет етуі әрине, заңдылық. Әр халықтың өзіне тән ұлттық құндылықтар болатыны аян. Қазақ халқына тән ұлттық құндылықтарды жіпке тізер болсақ ең бірінші халық тұрар еді. Халық – елдің басты қазынасы, ұрпағы оның сол құндылықты көркейтіп, жапырақ жаюы. Қазақ халқы ұрпағынан асқан байлық бар деп ойламаған халық – біздің халқымыз. Бүгінгі таңда шекарасын белгілеп, тәуелсіздігін алып, тілін, дінін ардақтап, өркениетімен де мәдениетімен де әлемге танылған - қазақ халқы. Он тоғыз миллионнан тұратын халқымыздың басты тілегі – бірлік, ел тыныштығы, ұрпақтың аманшылығы. Ұрпақ қамы – ел қамы. Сонымен қатар ұлттық құндылықтың ең маңыздысы – ана тілі. Тіпті дініміз де салт дәстүрлеріміз де, тарихи жәдігерлеріміз де мәдениетіміз, тарихымыз да ұлттық өнеріміз де барлық материалдық байлықтарымыз да тіл арқылы сақталып, баяндалып келген. Ана тілінің күдіреті деген осы! Өзге елдерге жеткізетін де, қалыспай дамуға да негіз болатын осы ұлттық тіліміз. Қанша тілді меңгерсек те оның өзегінде ана тілі жатуы тиіс. Негізгі тіл ұлттық тіл болса, қалған тілдер әлемдік деңгейде білім алудың құралы болып табылатын қалқалас, қосымша тілдер болып саналатыны сөзсіз.

Әр адамның өз ана тілін білуі – оның ұлттық парызы болса, тұрып жатқан елінің мемлекеттік тілін меңгеруі – басқа этнос өкілдерінің азаматтық парызы болып саналатыны белгілі. Олардың әрқайсысы сол елдің материалдық құндылықтарын пайдаланумен қатар, рухани құндылықтарын да, тілін де көздің қарашығындай сақтауға міндетті. Ол-ортақ байлық, жалпы ел игігіне бірдей жұмсалады. Сондықтан рухани байлықтың көзі болып саналатын тіл -ұлтымыздың, мемлекетіміздің мәңгілік мәселесі. Әрине, негізгі жауапкершілік қазақ жастарының мойнында.

Жалпы ұлт тарихына, оның жасампаздық қабілетіне, бүгінгі күнге берер қасиетіне, оны қарастыруға, жалпы бағдарын анықтау үшін де оған тіл арқылы кіріп, тануға, тіл арқылы негіздеуге, тіл арқылы тарқатуға және тіл арқылы болашақты болжауға, соған сәйкес жоспар құруға болатыны белгілі. Қарап отырсаңыз, тілдің,сөздің күдіретті күші мен орасан зор пайдасын қарапайым сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Тәрбие жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлшегі болғандықтан, оны мәдениеттанымдық қырынан қарастыру қажет. Жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруде біріктіруші бастама - тәрбиенің маңызды құралы ретінде ана тіліне берілуі тиіс. Тіл арқылы кез келген халықтың даму дәрежесін, оның тарихын, мәдениетін түсінуге болады. Өз ұлтының тілін, музыкасын, әдет-ғұрпын, ауыз-әдебиетін, мақал-мәтелдерін білмеу, ол өз халқынан, өскен ортасынан, ұлттық менталитетінен жұрдай болып, қол үзу болып табылады. Өз халқымен рухани байланысы жоқ адам , тамырсыз өскен өсімдік, қуыс кеуде болып қалыптасады. Өз халқының тілін, мәдениетін білмейтін адам өз халқының тарихын, әдет-ғұрпын мақтан ете алмайды. Тіл – ол тек ұлттардың қарым-қатынас құралы ғана емес, ол сонымен қатар оның бейнесі, мәні, дүниетанымының шегі. Адамның сөйлеу мәнерінде ұлттық ерекшелік көрініп тұрады. Кейбір жастардың өзінің ұлттық белгісінен ұялатындары да өкінішке орай, кездесіп қалады. Ұлттық ерекше-ліктен ұялып, жатсынудың қажеті жоқ, керісінше, мақтан ету керек, ол- біздің бақытымыз, байлығымыз, ұлттық тамырымыз. Әр жеке тұлға өз ұлтының рухымен сомдалуы тиіс.

Мәселен , тарихтың үш түрлі қызметі бар: өткеніңді тану, тағылым алу және және бүгініңді өткенге жалғап, болашаққа талпыну. Жаратылыстың тарихына көз жіберсек, әуел баста «Сөз» ұғымының қалыптасқаны, содан кейін барлығы жаратылғаны туралы айтылыпты.

Ислам діні: «Әлем Алланың «Бол!» деген әмірі арқылы бар болып тұр» дейді. Бұл тұжырымды ғылым да жоққа шығармайды. Ғылым салаларының осы бағыттағы зерттеулерінің нәтижесі де осы тұжырымдарға сәйкес келеді.

Америкалық әйгілі ғалым, қоғам қайраткері, философ, тілші Ноам Хомскийдің лингвофилософия-лық концепциясына сәйкес, тілдің басты функциясы қарым-қатынас құралы болу емес, негізінен ол – ойлау мен өзіндік ойды жеткізу, жарыққа шығару құралы. Бұдан біз, тілде өмір құбылыстары мен заттар әлемі көрініс тауып қана қоймайды, дүниеде жоқ құбылыстардың өзі тіл арқылы ойда модельденеді де өмірде заттық қалыпқа айналатынын түсінеміз [2,16 б.].

Рене Декарт та тілді ойды еркін жеткізу құралы ретінде қарастырады. Ол тілдің пайда болуын механикалық, физиологиялық тұрғыдан түсіндіруге, соның нәтижесі ретінде қарастыруға келіспейді. Оны ұшқарылық, негізсіз деп санайды. Бұл ойды В.Гумбольд та қуаттайды.

Ал жануарлар тілін механикалық әдіспен түсіндіруге болады. Жануарларда тіл – коммуникациялық қызмет атқарады. Жануарлардың сөйлеу қабілетіне ие болмауы, олар – тән мен жанның қосындысы. Ал адам – тән, жан және рухтан тұрады. Тіл арқылы ойлай алады, абстрактілі ойлау қабілетіне ие, ойдан ой өрбітіп, пікірден пікір туғызады. Атап айтқанда, тіл-танымның көзі. Тіл арқылы адам, ұлт өзін-өзі танып біледі, негізінің қайдан, неден бастау алытынын түсінеді. Өзін-өзі толық танығанда ғана айналысындағы әлемді түсінуге тырысады, өзін өзгелерге таныта алады. Танып-білуді тарихтан іздейді. Ал тарихтағы бар дүниелерді – мәдениетті, әдебиетті, өнерді, материалдық, рухани құндылықтарға «тіл-құрал» арқылы қол жеткізе алады. Өзін таныған ұлт өкілі немесе тұтастай халық өзінің тиянақты бітіс-болмсын түсініп, тарихтан тірек тауып, қоғамға орнығып, оны бүгінгі ахуалымен сабақтастыруға қабілетті болады және оған талдау жасап, болашағын жасауға талпыныс жасайды. Кемел келешігін беріктендіріп, елдігін сақтап қалуға, бәсекеге икемді болуға ұмтылады. Бұл – табиғи заңдылық. Сондықтан рухани қазына, жанды мұрағат болып саналатын тілге аса мән беру қажеттілігі туындайды. Тіл туралы өзекті мәселе күн сайын жастардың санасынан орын алып тұруы қажет. Қазақ жастары өздері тіл арқылы танып-білген тарихи ақпараттарымен өзге ұлт жастарымен үнемі бөлісіп жүргендері абзал. Оқу үдерісінде алған білім өз алдына, түрлі әлеуметтік ортада күнделікті қарым-қатынас барысында қажетті мәліметтер туралы пікір алмасудың берер пайдасы өте зор. Әр ұлт өкілі өздерінің отбасында, туысқандар төңірегінде ана тілінде сөйлесе, әрине, ол құптарлық жағдай, ал Қазақстанның азаматтық қоғамында мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, еліміздің дамуына бірдей үлес қосып жатса, ол-үлкен қуаныш. Ол – барлық жастардың мақсатты түрде жарқын болашақ үшін жұмырдықтай түйіліп, бірге дайын екендігін білдіреді.

Нәтижелері. Қазіргі уақытта өзге этностық топ өкілдерінің мемлекеттік тілде сөйлеп, тәжірибе жинақтауы үшін заманауи қарым-қатынас алаңының түрлі жолдары бар. Мәселен, «Дебат», «Сөзтаным», «Тіл мәдениеті» «StandUp» клубтарына қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салып үйренуге болады. Сондай-ақ студенттік сахналық қойылымдар, сөз сайыстары, айтыс өнері, ән байқауы, мәнерлеп оқу алаңдарында әрқайсы өз мақсат-мүдделерін айтып жеткізуге мүмкіндіктер туады. Нәтижесінде қазақ тілінде еркін сөйлеуге төселе береді, қазақ елінің тарихынан өте қажетті мәліметтер алады. Тарихтан тағылым ала отырып, бүгінгісін соған жалғап, болашақтарының жобасын жоспарлай алатын болады. Сондай-ақ кітап оқу әрекетіне көбірек көңіл бөліп, оның таптырмас азық екенін жастар түсінсе дейміз. Қазақ тілінің дүниедегі ең шұрайлы, кестелі тіл екендігіне көптеген халық көз жеткізіп отыр. Ия, Қазақ тілі – өте бай тіл! Қазақ тілінде жазылған тамаша шығармалар өте көп, жылытатын, жұбататын жырлар асып артылады. Осы орайда, неміс ұлтының өкілі, белгілі жазушы Герольд Белгердің: «М. Әуезов «Абай жолы» романында 16983 сөз қолданса, ал Шекспир мен Байронның барша лексиконы 15 мың сөзді құрайды. Демек, қазақ әдебиетінің дәмін көрмей жатып, әлемдік әдебиетке қол созудың өзі – ақымақтық» - деген пікіріне тоқталудың өзі-ақ жеткілікті [3, 25 б.]. Осыншама тілі бай, көркем шығармаларды оқу арқылы жастарымыз біріншіден, өздерінің сөздік қорларын арттырып, екіншіден, ондағы салт-дәстүр, мәдениет, өнер, тарихты тереңірек меңгерер еді. Қазақ халқының бойына сіңген ата-бабаларымыздың тәлім-тәрбиесі, үлгі-өнегесі, жас ұрпақтың тұлға болып қалыптасуына себепкер болып, үлкен үлес қосары анық. Бұл жерде қазақ жастарының атқаратын рөлі де, жауапкершіліктері зор екені белгілі. Сонымен қатар өз орталарындағы өзге ұлт жастарына да қарым-қатынас барысында ерекше ықыласпен әсер етіп, қазақ халқының рухани құндылықтарын жеткізе білсе, оны мәдениетаралық байланыстың нәтижелі сабақтастығы деп бағамдауға болады. Осыған сәйкес, өзге ұлт жастары да қазақ елінің рухани құндылықтарына құрметпен қарап, толеранттылықтың маңызын арттыра түседі, сонымен қатар өздеріне деген құрметтің де биіктей түсетінін сезінеді.

Қазақстан халқы бірлігінің маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді насихаттау, қоғамның саяси бірлігін нығайту бүгінгі күні заман талабына айналып отырғандығының куәсі болып отырмыз. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілді білетін басқа ұлт өкілдері жастарының тілді үйренуі басты назарда және оны ешкімнің өзгерте алмайтыны да ақиқат. Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге мәңгілік тілге айналатындығына, мемлекеттік тілді білсем деген жастардың қатары көбейіп келе жатқандығына күн сайын сеніміміз артып келеді. Шын мәнінде қазіргі таңда тіл білу – қандай да бір сән-салтанаттылықтың белгісі емес, ол бірі-біріміздің өзгешелігімізді емес, қайта әрқайсымыз үшін қалыпты болуға тиіс. Әсіресе, жастар үшін зор мүмкіндіктер жеткілікті, ал сол мүмкіндіктерді жіберіп алмай өз жүйесімен пайдалана білсе, тигізер пайдасы зор. Соңғы уақыттағы тәжірибемізге зер салып қарайтын болсақ, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар аз емес.

Мәселен, университетте оқитын әр ұлттың студенттері, көптеген қазақ тіліндегі іс-шараларға атсалысып, соның арқасында қазақ тілін жетік меңгеріп келеді. Сонымен қатар әрқайсысы Қазақстанның патриоты ретінде, өз мүмкіншіліктерінің шеңберін тұрақты түрде кеңейте түсуде. Ал осы студенттердің ұлтына, дініне құрметпен қарап, талантын көре біліп соны ары қарай дамытуына септігін тигізуді университет басшылығы да басты назарда ұстайды. Олардың барлығы тек сабақ уақытында бірге білім алып қана қоймай, сонымен бірге достық қарым-қатынаста кештер өткізіп, өте жақсы араласады, қазақ тілінде сөйлесіп, өз ойларын еркін жеткізіп отырады. Бұл татулықтың, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын» бірліктің белгісі. Қазақ қоғамындағы ертеңгі жарқын болашаққа деген сенімділіктің белгісі! Тіпті осы ортада қазақша ән айтып, өлең жазып, кешегі Абай, Мұқағали өлеңдерін мәнерлеп жаттап жүрген студенттеріміз де бар. Олардың қатарында өзбек, ұйғыр, орыс, тәжік, чешен ұлтының өкілдері кездеседі. Әрине мұның барлығы қуанарлық жай. Өзге ұлттың студенттеріне ешқашан өз тілінді ұмытсаң да, қазақ тілінде сөйлеуің шарт деген талаптар қойылмайды. Керісінше өз ана тілдерін құрметтеп, алдымен сол тілді жетік меңгеруіне, өздерінің өнері мен мәдениетін дамытуға үнемі мүмкіншіліктер жасалып отырады, бұған ешқандай кедергілер де болған жоқ. Өйткені, өз ана тілін біліп, құрметтеген адам ғана өзге тілді де дәл осылай құрметтейді. Олардың айтуынша, өз ана тілдерін жақсы білгенмен, қоғамдық іс-шараларда, көптеген қоғамдық орындарда қазақша, яғни, мемлекеттік тілде, баршаға ортақ тілде сөйлеудің тиімді әрі маңызды екені байқалады. Бұл құбылыс мемлекеттік тіл мәртебесінің биіктігі мен жалпы қазақстандықтардың қазақ тілінің болашағына деген сенімінің белгісі.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» тақырыбындағы халыққа Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» деген пікірі де осы ойдың дәлелі бола алады [4, 1 б].

Қорытынды. Қорыта айтарымыз, жас ұрпақтың тілі ана тілінде шығып, ана тілінде білім алуына, басқа да тілдерді жетік меңгеруіне толық мүмкіндік те бар. Қазақ тілі - әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, көркем тілдердің бірі. Тіл - қай елде, қай ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті қазына.

Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Ал, оған деген сүйіспеншілік пен құрмет бала кезден бастау алады. Айналадағы адамдарға, өзінің өскен ортасына, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарастың бастауын да сол туған тілімізден аламыз. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының даму құралы. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал, тіл - тозбайтын, ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» – деген [5, 162 б.]. Кешегі ұлылардың сенімін ақтап, тіл бірлігін жалғастыруда барлық күш-жігер, жауапкершілік алдымен бүгінгі жастарымызға түсетіндігі белгілі. Қазақстан – әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек. Өзге тілді меңгеруге де өзек болар ана тіліміздің табиғатын сақтап, еркін меңгергенде ғана үздіксіз дамудың тізгінін ұстап өркениетті ел боларымыз айдан анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1922. – 7 б.
2. Хомский Н. Язык и мышление. – М.: Изд. Московский университет, 1972. – С. 16-38
3. Герольд Б. Г 37 Казахское слово: эссе / Герольд Бельгер. – Алматы: Ілгерілік, 2015. – 62 с.
4. Қазақстан Президенті Қасым - Жомарт Тоқаевтың "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" деген тақырыппен халыққа жолдауы.

<https://sputnik.kz/politics/20190902/11419745/Toqaevtyn-Qazaqstan-khalqyna-zholdauy-tolyq-matin.html>(02.09.2019)

5. Жұмбаев М. Шығармалар жинағы 3-том – Алматы, 2005. – 232 бет.

References:

1. Jumabaev M. Pedagogika. – Almaty, 1922. – 7 b.
2. Homskii N. Iazyk i myshlenie. – M.: Izd. Moskovskii universitet, 1972. – S. 16-38
3. Gerold B. G 37 Kazahskoe slovo: esse / Gerold Belger. Almaty: Ilgerilik, 2015. 62 s.
4. Qazaqstan Prezidenti Qasym - Jomart Toqaevtyń "Syndarly qo ǵamdyq dialog – Qazaqstannyń turaqtyly ǵy men órkendeýiniń negizi" degen taqyryppen halyqqa joldaýy.
<https://sputnik.kz/politics/20190902/11419745/Toqaevtyn-Qazaqstan-khalqyna-zholdauy-tolyq-matin.html>(02.09.2019)
5. M. Jumabaev. Shy ǵarmalar jina ǵy 3-tom. – Almaty, 2005. – 232 bet